

## **Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түрікменстанмен және Өзбекстан Республикасымен делимитациялау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметтік комиссиясы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 қыркүйектегі N 1283 қаулысы

Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру жөніндегі 1998-2000 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түрікменстанмен және Өзбекстан Республикасымен делимитациялау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түрікменстанмен және Өзбекстан Республикасымен делимитациялау жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметтік комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) құрамы қосымшаға сәйкес құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің сұрау салуы бойынша белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырылатын іссапар шығындарын төлей отырып, Комиссия құрамында жұмыс істеу үшін өз өкілдерін жіберетін болсын; анықтамалық материалдарды берсін, әкімшілік-аумақтық шекараларда далалық зерттеу жүргізуде шектес мемлекеттердің үкіметтік делегациялармен жұмысты ұйымдастыруға (Үкіметтік Комиссия мүшелеріне, сондай-ақ мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі жұмысты орындайтын қызметкерлерге желілік қалааралық байланысы бар тұрғын және жұмыс үй-жайларын беру; жұмыс жүргізілетін кезеңде автокөлікпен және басқа да қажетті техникамен, қосалқы бөлшектермен, жанар-жағар материалдарымен қамтамасыз ету; медициналық қызмет көрсету, санитарлық-гигиеналық және жұқпалы ауруларға қарсы іс-шараларды жүргізу) көмек көрсетсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түрікменстанмен және Өзбекстан Республикасымен делимитациялау жөніндегі тиісті делегацияны (бұдан әрі - Делегация) қажеттілігіне қарай Комиссия құрамынан жасақтасын.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарымен келісе отырып, мемлекеттік шекараны

делимитациялау жөніндегі жұмысқа мамандар мен сарапшылардың қажетті санын  
т а р т с ы н ;

2 ) < \* >

3) Комиссия мүшелеріне, мамандарға және сарапшыларға тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша шетелдегі іссапар шығыстарына шетелдік валютада қаражат бөлу туралы шешімдер қабылдасын; < \* >

4) қажет болған кезде жедел тәртіппен Комиссия құрамына тиісті өзгерістер енгізісін . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.02.24. N 289 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.06.02. N 509 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 3,4-тармақшалармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 726 қаулысымен .**

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

2000 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған республикалық бюджеттің жобасын жасаған кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түрікменстанмен және Өзбекстан Республикасымен делимитациялауға қаражат қарастырсын;

**ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың 3 абзацының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.06. N 856 қаулысымен .**

6. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне ( бұдан әрі - Агенттік) геодезиялық, гидрографиялық және топографиялық жұмыстарды ұйымдастыру мен карта материалдарын, мемлекеттік шекараны делимитациялаудың қорытындылары жөніндегі басқа да құжаттарды әзірлеу мен басып шығару жөніндегі міндеттер жүктелсін .

Мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі жұмыстардың барлық кешені Комиссия (Делегация) бекіткен жоспарлар мен техникалық талаптар бойынша орындалсын .

**ЕСКЕРТУ. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.02.24. N 289 қаулысымен .**

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Кедендік бақылау агенттігі және тиісті қалалар мен облыстардың әкімдері Астана, Алматы қалаларында және Қазақстан Республикасының аумағында басқа да елді мекендерде келіссөздер, консультациялар мен кездесулер өткізу кезінде тұратын және жұмыс істейтін үй-жайлар, автокөлік беруді, протоколдық іс-шараларды ұйымдастыруды және дәрігерлік қызмет көрсетуді, үкіметтік делегациялар мен олардың жұмыс топтары мүшелерінің жеке басылық қауіпсіздігін, сондай-ақ мүлік пен құжатқа, оның ішінде кедендік шекарадан өткен кезде қол сұғылмаушылықты қоса

алғанда, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы делегацияларының жұмыс істеуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін

< \* >

Келіссөздерді жүргізу мен Қазақстан Республикасының аумағында шекараны делимитациялау жөніндегі жұмыстарды жасау кезінде олардың тіркелулерін жүзеге асыру мен кедергісіз жүріп-тұрулары жөнінен жәрдем көрсетілсін.

**ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.02.24. N 289 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 726 қаулысымен .**

7 - 1 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. Жаңа 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.24. N 289 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 7-1-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.07.17. N 791 қаулысымен .**

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 1 қыркүйектегі

N 1283 қаулысына

қосымша

**ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.07.17. N 791 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.06.02. N 509 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 726 қаулысымен .**

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түркіменстанмен және Өзбекстан Республикасымен делимитациялау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметтік комиссиясының құрамы**

Ахметов

- Қазақстан Республикасының

Даниал Кенжетайұлы

Премьер-Министрі, төраға

- Әбусейітов - Қазақстан Республикасының Сыртқы  
Қайрат Қуатұлы істер бірінші вице-министрі, төрағаның  
орынбасары
- Атанов - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  
Мұрат Марданұлы министрлігінің Ерекше тапсырмалар  
жөніндегі елшісі
- Оспанов - Қазақстан Республикасы Жер  
Бақыт Сағындықұлы ресурстарын басқару жөніндегі  
агенттігінің төрағасы
- Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
Иван Иванович бірінші вице-министрі
- Тасболатов - Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
Абай Бөлекбайұлы министрінің орынбасары
- Жанпейісов - Қазақстан Республикасының Жер  
Амангелді Сүйінбайұлы ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі  
төрағасының орынбасары
- Райымбеков - Қазақстан Республикасының Жер  
Каналбек Өтжанұлы ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі  
төрағасының орынбасары
- Берқалиев - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Құсайын Иманғалиұлы қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі  
директорының бірінші орынбасары  
(келісім бойынша)
- Тұрарбеков - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  
Биғали Шәріпқалиұлы министрінің кеңесшісі
- Аманжолова - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  
Зүлфия Алтайқызы министрлігінің Халықаралық құқық  
департаментінің директоры
- Сүлейменов - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің  
Серік Ермашұлы бірінші орынбасары
- Қартов - Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары
- Әлібек Нәмімұлы
- Есенғалиев - Батыс Қазақстан облысы әкімінің  
Абат Қадымұлы орынбасары
- Нұрғалиев - Павлодар облысы әкімінің орынбасары
- Жақай Жұбайұлы
- Жекеев - Қазақстан Республикасының Жер  
Мәлік Наурызғалиұлы ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі  
Ақтөбе облыстық комитетінің төрағасы

- Соловьев  
Владимир Васильевич  
төрағасы - Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Шығыс Қазақстан облыстық комитетінің
- Мордасов  
Николай Павлович  
төрағасы - Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Батыс Қазақстан облыстық комитетінің
- Дихаев  
Мереке Қасымұлы  
Қостанай облыстық комитетінің төрағасы - Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі
- Бейсембаев  
Нұратай Темірболатұлы  
Павлодар облыстық комитетінің төрағасы - Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі
- Құнанбаев  
Сапарбек Құнанбайұлы  
төрағасы - Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің
- Құлмағамбетов  
Қайрат Амангелдіұлы  
басқармасының бастығы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық құқық департаменті Мемлекеттік шекара және халықаралық құқық проблемалары
- Қарабалаев  
Нұрлыхан Жамалұлы  
бастығы - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Жедел жоспарлау департаменті топографиялық қызметінің
- Айнақұлов  
Амангелді Базаралыұлы  
бастығы - Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі геодезия және картография басқармасының
- Сағындық  
Марал Жанәбілқызы  
бөлімінің бастығы - Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі геодезия және геоақпараттық жүйелер
- Есжанов  
Арман Есімғалиұлы  
бастығы - Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Кедендік бақылауды ұйымдастыру департаментінің бөлім

- Аманов  
Батыр Аманұлы  
директоры
- Жолдыбаев  
Қадыржан Жұмабайұлы  
қазыналық кәсіпорнының директоры
- Әкім  
Азат Әбдірахманұлы  
калыптастыру бөлімінің кеңесшісі
- Сейтімбетова  
Сәуле Мырзаханқызы  
кеңесшісі
- Әбінаев  
Шыңғыс Ысмағұлұлы  
бөлімінің үшінші хатшысы
- Кириллов  
Сергей Владимирович  
және демаркациялау қызметінің бастығы
- Қалижанов  
Ержанат Кеңесбекұлы
- Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басару жөніндегі агенттігі "Қазгеокарт" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
- Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі "Ұлттық картографиялық геодезиялық қор" республикалық мемлекеттік
- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі аппаратының құжаттарды мемлекеттік тілде
- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Халықаралық құқық департаментінің Мемлекеттік шекара және халықаралық құқық проблемалары басқармасы мемлекеттік шекара бөлімінің
- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Халықаралық құқық департаменті Мемлекеттік шекара және халықаралық құқық проблемалары басқармасы мемлекеттік шекара
- Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің "Қазгеокарт" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мемлекеттік шекараны делимитациялау
- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Инспекция және шекаралық ынтымақтастық бас басқармасының Инспекторлық басқармасы бақылау және инспекциялау бөлімінің бастығы

(келісім бойынша)

- Балғабаев  
Рысдәулет Жайлаубекұлы  
  
(келісім бойынша)
- Мұтайыров  
Аманғали Шәріпұлы  
  
директоры
- Жолаев  
Бөлекбай Жаулыұлы  
  
директоры
- Уахитов  
Болатхан Зектайұлы  
  
директоры
- Пащенко  
Андрей Викторович  
  
техникалық бөлімінің бастығы
- Ахмадиев  
Бауыржан Баймұхамбетұлы  
  
жоспарлау экономикалық бөлімінің бастығы
- Бородин  
Игорь Александрович  
  
бірінші санаттағы геодезисі
- Жүнісов  
Алмас Әнуарұлы
- Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Инспекция және шекаралық ынтымақтастық бас басқармасы Кеңесшілер тобының консультанты
- Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі "Шығысгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
- Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі "Батысгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
- Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі "Солтүстікгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
- Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің "Қазгеокарт" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
- Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің "Қазгеокарт" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
- Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі "Қазгеокарт" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
- Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі "Қазгеокарт" республикалық

мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының  
екінші санаттағы инженер-картографы

- Сұнтаев - Қазақстан Республикасының Кедендік  
Тілеген Иматұлы бақылау агенттігі төрағасының орынбасары
- Селіханов - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің  
Дүйсембай Мағзұмұлы орынбасары
- Байғожин - Атырау облысы әкімінің орынбасары
- Марат Имашұлы
- Төлеубаев - Қостанай облысы әкімінің орынбасары
- Теміржан Төлеубайұлы
- Пістаев - Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
Марат Құрманәліұлы министрлігі Көші-қон полициясы  
департаментінің бастығы
- Нарымбетов - Қазақстан Республикасының Кедендік  
Ербол Қабдолхамитұлы бақылау агенттігі Кедендік бақылауды  
ұйымдастыру департаментінің басқарма  
бастығының орынбасары
- Сырымбет - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер  
Жангелді Жеңісұлы министрлігінің Халықаралық құқық  
департаменті мемлекеттік шекара  
бөлімінің атташесі
- Жұмағұлов - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер  
Талғат Қуантқанұлы министрлігінің Халықаралық құқық  
департаменті мемлекеттік шекара  
бөлімінің атташесі
- Орынбасаров - Қазақстан Республикасының Жер  
Төлеп Қиялбайұлы ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі  
Атырау облыстық комитетінің  
төрағасы